

«Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
1-11 сынып ата-аналар комитеті жиналысының хаттамасы
Хаттама №5

Күні: 29.01.2025

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі - 3

2. Ата-аналар - 146

Күн тәртібінде:

1. Білім сапасы: I, II тоқсанның салыстырмалы көрсеткіші.
(ДОДЖО Наурызбаева А.Е.)
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы: алдын алу шаралары бойынша жүргізілген жұмыстар. Қаржылық қауіпсіздік. (ДТЖЖО Бикетова Н.Ш.)
3. «Психотроптық заттардың жасөспірімнің денсаулығы мен психикасына кері әсері»
(СӨС орталығының дәрігері Болат Г.)

Тыңдалды.

1-мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Е.Наурызбаева сөз алды.

Баяндамашы I, II тоқсанның салыстырмалы көрсеткішімен таныстырды. Білім сапасы I тоқсанда 55,5%, II тоқсанда 57,8%-ды құрағанын, өсу динамикасы +2,3% екенін атап өтті.

Сонымен қатар, үздіктер саны – 203, екпінділер саны – 589 оқушы екенін айтты. (Толық №1 қосымшада)

Баяндамашы буындар бойынша білім сапасын бөліп көрсетті. 3 буын бойынша да өсім бар екенін айтты. Білім сапасы жоғары сыныптарды және білім сапасы төмен сыныптарды көрсетті. (Толық №1 қосымшада)

2-мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Ш.Бикетова сөз алды. Баяндамашы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын, бағдарлама аясында жүргізіліп жатқан әлеуметтік жобалар туралы айтып өтті.

Ата-аналарға осы бағдарлама аясында «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Ойынға салауатты көзқарас», «Өмірге салауатты қадам», «Қауіпсіз қоғам», «Қоғамдық мүлікті қорға!» атты алдын алу шаралары бойынша I жартыжылдықта оқушылармен жүргізілген жұмыстарды таныстырды.

«Қауіпсіз қоғам» алдын алу шарасы негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығының алдын алу бағытталған іс-шаралар жүргізілді.

04.09 күні №4 қалалық емханасының профилактика және әлеуметтік психологиялық көмек көрсету бөлімшесінің психологі Беспалева Айнаш Токташбаевна Отбасы күні апталығына орай 9-11 сыныптар арасында "Бүгінгі жасөспірім - ертеңгі саналы ата-ана" тақырыбында тренингтер

жүргізді. Мақсаты: жасөспірімдерді жауапкершілікке, отбасылық өмірге баулу.

13.09.2024 күні Сарыарқа ауданы прокуратурасының аға прокурорлары Қуаныш Балаби Дастанұлы және Шагирова Айгуль Саматовна 10,11-сынып оқушыларына қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша дәріс оқыды.

04.11.24 “Зорлық зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбында сынып сағаты өтілді.

20.11.2024 “Құқық” қоғамдық қорының өкілі психолог Амангелдіқызы Нұрай “Жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу” мақсатында дәріс оқыды.

«Өмірге салауатты қадам» алдын алу шаралары аясында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес шеңберінде іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

08.10.24 күні Астана қаласы әкімдігінің “АИТВ- инфекциясының алдын алу орталығының” дәрігер эпидемиологі А.И. Жаманова 9,10-сынып оқушыларына қауіпті дерттің алдын алу бойынша дәріс оқыды.

07.11.2024 күні салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Сарыарқа аудандық прокуроры Қ.Б. Бейсенбай, Сарыарқа аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері А.С.Ташмағамбетова мен С.С.Жақыпбек, Астана қаласы әкімдігінің “Музыкалық жас көрермен театрының” актері, режиссер Расул Усманов, Балалар спортын дамыту орталығының тренер-нұсқаушысы Н.И.Ценгель оқушыларға есірткіден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстану жайлы әңгімелеп берді.

06.12.24 күні Астана қаласы Сарыарқа ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Әскербек Ерасыл Әскербекұлы “Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн” Халықаралық акциясы аясында 9-11 сынып оқушылары үшін зорлық-зомбылықтан сақтану, алдын алу, есірткіге әуестік, есірткі тасымалы үшін құқықтық жауапкершілік жайлы дәріс оқыды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Заң және тәртіп айы» аясында «Құқықтық сауаттылық: қауіпсіз өмірге жол» апталығының жоспарына сай 15.01 күні №4 қалалық емханасы «Салауатты өмір салты» орталығының маманы Гүлдана Болатқызы 9-11 сыныптарға «Есірткі және психотроптық заттарды тұтынудың зияны» тақырыбында дәріс оқыды.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шаралары аясында балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету, «Құмар ойындар мен кибербуллингтің алдын алу» бағыттарында жұмыстар жүргізілді.

05.09.2024 күні Астана қаласы Сарыарқа ауданы Полиция Басқармасы КПБ жедел уәкілдері полиция капитаны Шыназбекова Маржан Галымжановна мен полиция майоры А.С. Самарканов 10,11-сынып оқушылары арасында интернет алаяқтық туралы дәріс оқыды. «Дроппер» ұғымын түсіндіріп, жазықсыз жаза арқалаудан сақтануды ескертті.

«Ойынға салауатты көзқарас» алдын алу шаралары аясында балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды.

15.11.2024 күні жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Лудоманияның алдын алу жолдары тақырыбында «Komek Center» психологиялық орталығының басшысы, отбасылық психолог-аддиктолог маман дәріс оқыды.

18.12.24 күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасына сай білім алушылардың ойынға салауатты көзқарасын қалыптастыру мақсатында алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы) өткізілді.

Соынмен қатар, «қаржылық қауіпсіздік» тақырыбында ата-аналарға «дроппер» ұғымын түсіндіріп, балаларды сақтандыруға шақырды. (Толық №2-қосымшада)

3-мәселеде СӨС маманы Г.Болатқызы сөз алды. Маман «Психотроптық заттардың жасөспірімнің денсаулығы мен психикасына кері әсері» тақырыбында мәселе көтерді. Есірткінің адам денсаулығына зиянын баяндады, есірткі қабылдаған адамды қалай тануға болатын жолдарын айтты. (Толық №3 қосымшада)

Шешім:

1. Білім сапасын арттыру мақсатында мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс күшейтілсін.

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы алдын алу шаралары аясындағы жұмыстар жоспарға сай жүргізілсін. ата-аналар тарапынан қажетті тақырыптарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілсін.

3. Ата-аналар балаларымен осы тақырыпта ашық әңгіме жүргізсін. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жұмыстар жалғастырылсын.

Мектеп директоры

Хатшы

Оспанова А.К.

Д.К.Жунусов

